

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2019 жылдың 05 наурызындағы  
№ 34 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2019 жылдың 06 наурызынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін жыл сайынғы марапаттау **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

## **ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ**

**1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2023 жылдың 27 шілдесіндегі № 75 хаттамасы);
- 2024 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының қор нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қоспағанда, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелерін жыл сайынғы марапаттаудың шарттары мен тәртібін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар, терминдер мен шартты белгілер пайдаланылған.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
  - 1) жауапты бөлімше деп деректерді жинауды жүргізетін және тиісті номинацияда марапаттауға кандидаттардың тізімін қалыптастыратын Биржаның құрылымдық бөлімшесі түсініледі;
  - 2) номинация деп осы Ережелерге сәйкес марапаттау үшін Биржа мүшелері қатарынан кандидаттарды ұсыну түсініледі;
  - 3) іріктеу критерийі деп белгі немесе көрсеткіш түсініледі, оның негізінде жауапты бөлімше кандидаттарды бағалауды жүргізеді және тиісті номинацияда марапаттауға кандидаттардың тізімін анықтайды;
  - 4) уәкілетті орган деп Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі түсініледі.

### 2 бап. Мақсаты мен міндеттері

1. Биржа мүшелерін жыл сайынғы марапаттаудың мақсаты Қазақстан Республикасының қор нарығын дамытуға үлес қосқан Қазақстанның бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды анықтау және марапаттау болып табылады.
2. Биржа мүшелерін жыл сайынғы марапаттаудың міндеттері:
  - 1) бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың сауда-саттық белсенділігін және соның салдарынан қор нарығының сандық және сапалық өсуін ынталандыру;
  - 2) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметін және олардың қызметтерін танымал ету;
  - 3) бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың кәсіби еңбегін мойындау.

### 3 бап. Негізгі қағидалар

1. Биржа мүшелерін жыл сайынғы марапаттау аяқталған күнтізбелік жылдың нәтижелері бойынша оларға Биржа белгілеген орында және уақытта дипломдарды немесе естелік кәдесыйларды тапсыру жолымен жүргізіледі.
2. Биржа мүшелерін марапаттау үшін номинациялар мен іріктеу критерийлерін Биржа анықтайды.
3. Барлық сандық және сапалық көрсеткіштер, марапаттау үшін критерийлер ретінде қабылдау қорытындысы бойынша марапаттау жүргізілетін күнтізбелік жылдағы деректер негізге алына отырып есептеледі немесе анықталады.
4. Марапаттау нәтижелері бойынша марапаттау жүргізілетін бір жыл ішінде Биржада мүшелігі болған Биржа мүшелері ғана әрбір номинация бойынша марапаттауға кандидат бола алады.

5. Биржаның жауапты бөлімшелері Ақпарат және статистика департаментіне тиісті номинацияда марапаттауға үміткерлердің тізімін ұсынады, ол әрбір номинацияда Биржаның белгілі бір мүшесін марапаттау туралы қорытындыны қалыптастырады.
6. Номинациялардың әрқайсысында номинацияның критерийлеріне барынша сәйкес келетін Биржаның бір ғана мүшесі марапатталуы мүмкін. Ерекше жағдайларда Биржаның екі мүшесін, егер олардың біреуіне артықшылық беру мүмкін болмаса, бір номинацияда марапаттауға жол беріледі.
7. Биржаның бір мүшесін бір мезгілде бірнеше номинацияда марапаттауға жол беріледі.
8. Марапаттау туралы қорытынды шешімді Ақпарат және статистика департаменті ұсынған қорытынды негізінде Биржа Басқармасы қабылдайды.
9. Биржа Басқармасының Биржа мүшелерін марапаттау туралы шешімдері туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-сайтында нәтижелері бойынша Биржа мүшелерін марапаттау жүргізілетін жылдан кейінгі жылдың 01 наурызынан кешіктірілмей ашылуы тиіс.
10. Дипломдардың немесе естелік кәдесыйлардың дизайнын Биржа анықтайды.
11. Осы Ережелерге сәйкес дипломдармен немесе естелік кәдесыйлармен марапатталған Биржа мүшелері өздерінің жарияланымдарында және жарнамалық материалдарында осындай дипломдардың немесе естелік кәдесыйлардың бейнелерін және осы бейнелерге сілтемелерді пайдалануға құқылы.

## 2 тарау. НОМИНАЦИЯЛАР МЕН ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

### 4 бап.

#### Биржа мүшелерін марапаттау номинациялары

1. Биржа келесі марапаттау номинацияларын және олардың санаттарын белгіледі:
  - 1) "Жыл андеррайтері":
    - акциялар нарығында;
    - корпоративтік облигациялар нарығында;
  - 2) "Нарық көшбасшысы":
    - акциялар;
    - корпоративтік облигациялар;
    - мемлекеттік бағалы қағаздар;
    - шетел валюталары;
  - 3) "Жыл маркет-мейкері":
    - акциялар нарығында;
    - корпоративтік облигациялар нарығында;
    - мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында;
  - 4) "Деривативтер нарығын дамыту үшін";
  - 5) "Инвесторлар тартуға қосқан елеулі үлесі үшін";
  - 6) "Қытай юань биржалық нарығының дамуына қосқан үлесі үшін" (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген*);

- 7) "Ресей рублінің биржалық нарығының дамуына қосқан үлесі үшін" *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
  - 8) "Үздік қаржылық кеңесші" *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
2. Биржа Басқармасы өз шешімімен жыл қорытындысы бойынша марапаттау үшін қосымша номинациялар және/немесе санаттар анықтауға және сонымен бір мезгілде осындай номинациялар және/немесе санаттар бойынша марапаттау үшін іріктеу критерийлерін анықтауға құқылы.

**5 бап.**

**"Жыл андеррайтері" номинациясы бойынша марапаттау үшін іріктеу критерийлері**

1. "Жыл андеррайтері" номинациясында эмитенттерге Биржада мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және бастапқы орналастыру (бұдан әрі – орналастыру) бойынша қызметтер көрсету кезінде барынша белсенділік көрсеткен Биржа мүшесі көтермеленеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған)*.
- 2-1. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бойынша эмитенттерге қызметтер көрсету кезінде Биржа мүшесінің барынша белсенділігін сипаттайтын ең жоғары  $K_p$  көрсеткіші бар Биржа мүшесі жыл андеррайтері болып танылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

- 2-2. Орналастыру бойынша эмитенттерге қызмет көрсету кезіндегі  $K_p$  белсенділік көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_p = 0,40K_{vol} + 0,25K_i + 0,25K_a + 0,10K_s$$

$K_{vol}$  – осы баптың 2-3 тармағына сәйкес Биржа мүшесі үшін есептелетін мәмілелер көлемінің көрсеткіші;

$K_i$  – осы баптың 2-4 тармағына сәйкес Биржа мүшесі үшін есептелетін эмитенттер санының көрсеткіші;

$K_a$  – осы баптың 2-5 тармағына сәйкес Биржа мүшесі үшін есептелетін сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші;

$K_s$  – осы баптың 2-6 тармағына сәйкес Биржа мүшесі үшін есептелетін бағалы қағаздар санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

- 2-3. Биржа мүшесінің мәмілелер көлемінің көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_{vol} = \frac{Vol}{Vol_{max}}, \text{ мұнда:}$$

$Vol$  – Биржа мүшесі эмитентке осы баптың 3 тармағында көрсетілген ерекшелікті ескере отырып есептелген тиісті нарықта бағалы қағаздарды орналастыру бойынша қызмет көрсеткен барлық мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру көлемі;

$Vol_{max}$  – тиісті нарықтағы Биржа мүшесінің ең үлкен  $Vol$  көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

- 2-4. Биржа мүшесі мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бойынша қызметтер көрсеткен эмитенттер санының көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_i = \frac{I}{I_{max}}, \text{ мұнда:}$$

I – осы баптың 3 тармағында көрсетілген ерекшелікті ескере отырып есептелген, Биржа мүшесі тиісті нарық бойынша мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бойынша қызметтер көрсеткен барлық эмитенттердің саны;

I<sub>max</sub> – тиісті нарықтағы Биржа мүшесінің ең үлкен I көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

- 2-5. Барлық мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде Сатып алушы ретінде қатысқан Биржа мүшесінің сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші мына формула бойынша есептеледі:

$$K_a = \frac{A}{A_{max}}, \text{ мұнда:}$$

A – Биржа мүшесі эмитенттерге осы баптың 3 тармағында көрсетілген ерекшелікті ескере отырып есептелген, тиісті нарық бойынша орналастыру жөнінде қызметтер көрсеткен барлық мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде Сатып алушы ретінде қатысқан сауда-саттық шоттарының саны;

A<sub>max</sub> – тиісті нарықтағы Биржа мүшесінің ең жоғары Q көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

- 2-6. Биржа мүшесі мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бойынша қызметтер көрсеткен мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары санының көрсеткіші мына формула бойынша есептеледі:

$$K_s = \frac{S}{S_{max}}, \text{ мұнда:}$$

S – Биржа мүшесі осы баптың 3 -тармағында көрсетілген ерекшелікті ескере отырып есептелген тиісті нарық бойынша орналастыру бойынша қызметтер көрсеткен мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдарының саны;

S<sub>max</sub> – тиісті нарықтағы Биржа мүшесінің ең үлкен S көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

3. "Жыл андеррайтері" номинациясында марапаттау үшін кандидаттарды анықтау кезінде:

- 1) орналастырудың барлық мәлімделген көлемін бір тұлға (бір шотқа немесе бір мәміле шеңберінде) және/немесе сатып алған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру;
- 2) өтеуге кірістілігі теңгемен номиналданған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарды облигацияларды орналастыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлемеден 2,00 %-дан төмен орналастыру.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

3. "Жыл андеррайтері" номинациясында Биржа мүшелерін номинациялауға үміткерлерді ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның эмитенттерімен және инвесторларымен жұмыс жасау департаменті.

**6 бап. "Нарық көшбасшысы" номинациясын марапаттау үшін іріктеу критерийлері**

1. "Нарық көшбасшысы" номинациясында осы сектор белгіленген өтімділік критерийлеріне сәйкес келген жағдайда, номинациялар санаттарының біріне сәйкес келетін Биржалық нарық секторында неғұрлым сауда-саттық белсенділігін көрсеткен Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Нарық көшбасшысы" номинациясын марапаттау үшін іріктеу критерийі "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің белсенділік көрсеткіштерін есептеу әдістемесі"<sup>1</sup> атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес есептелетін  $K_n$ , сауда-саттық белсенділігінің көрсеткіші болып табылады.
3. Биржа мүшелерін "Нарық көшбасшысы" номинациясына ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның Ақпарат және статистика департаменті.

**7 бап. "Жыл маркет-мейкері" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері**

1. "Жыл маркет-мейкері" номинациясында маркет-мейкердің міндеттерін ең жақсы орындағанын көрсеткен және Биржалық нарықтың өтімділігін арттыруға үлес қосқан Биржа мүшесі марапатталады.
2. Жыл маркет-мейкері деп маркет-мейкердің қандай да бір нарықта жеке белсенділігін сипаттайтын  $K_m$ , максималды көрсеткіші бар Биржа мүшесі танылады.
3. маркет-мейкер белсенділігінің көрсеткіші  $K_m$  мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_m = 0,1K_v + 0,6K_q + 0,3K_n, \text{ мұнда:}$$

$K_v$  – осы баптың 4 тармағына сәйкес маркет-мейкер үшін есептелетін мәмілелер көлемінің көрсеткіші;

$K_q$  – осы баптың 5 тармағына сәйкес маркет-мейкер үшін есептелетін мәмілелер санының көрсеткіші;

$K_n$  – осы баптың 6 тармағына сәйкес маркет-мейкер үшін есептелетін қаржы құралдары санының көрсеткіші.

4. Маркет-мейкер мәмілелері көлемінің көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі::

$$K_v = \frac{V}{V_{max}}, \text{ мұнда:}$$

$V$  – осы баптың 7 тармағында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып есептелген, Биржа мүшесі тиісті нарықтың маркет-мейкері болып табылатын барлық қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәмілелерінің көлемі;  
 $V_{max}$  – тиісті нарықтағы  $V$  маркет-мейкердің ең үлкен көрсеткіші.

5. Маркет-мейкер мәмілелері санының көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_q = \frac{Q}{Q_{max}}, \text{ мұнда}$$

$Q$  – осы баптың 7 тармағында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып есептелген, Биржа мүшесі тиісті нарықтың маркет-мейкері болып табылатын барлық қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәмілелерінің саны;  
 $Q_{max}$  – тиісті нарықтағы маркет-мейкердің  $Q$  ең үлкен көрсеткіші.

6. Қаржы құралдары санының көрсеткіші формулалар бойынша есептеледі:

---

<sup>1</sup> Биржа Басқармасының 2008 жылдың 19 мамырындағы № 66/0 шешімімен бекітілген.

$$K_n = \frac{N}{N_{max}}, \text{ мұнда:}$$

N – осы баптың 8 тармағында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып есептелген, Биржа мүшесі маркет-мейкер болып табылатын тиісті нарықтың қаржы құралдары атауларының саны;

$N_{max}$  – тиісті нарықтағы маркет-мейкердің N ең үлкен көрсеткіші.

7. Бір жолғы сипаттағы аса ірі мәмілелердің маркет-мейкерлер белсенділігі көрсеткішінің мәніне әсерін болдырмау мақсатында Биржа осы көрсеткішті есептеу кезінде көлемі мынадай формула бойынша есептелетін  $V_{lim}$  шамасынан асатын мәмілелерді алып тастауға құқылы:

$$V_{lim} = \bar{V} + 3\delta, \text{ мұнда:}$$

$\bar{V}$  – тиісті нарықта барлық бағалы қағаздармен жасалған барлық мәмілелердің орташа арифметикалық мәні;

$\delta$  – тиісті нарықтың бағалы қағаздарымен жасалған барлық мәмілелердің ішінен кез келген мәміле көлемінің орташа квадраттық ауытқуы.

8. N қаржы құралдары санының көрсеткіші ретінде Биржа мүшесі маркет-мейкер болып, мәмілелер жасаған құралдар саны алынады.
9. "Жыл маркет-мейкері" номинациясында Биржа мүшелерін номинациялауға үміткерлерді ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның Сауда-саттық департаменті.

#### 8 бап.

#### "Деривативтер нарығын дамытқаны үшін" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері

1. "Деривативтер нарығын дамыту үшін "номинациясында "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің белсенділік көрсеткіштерін есептеу әдістемесіне<sup>2</sup> сәйкес деривативтер нарығында ең жоғарғы сауда-саттық белсенділігін көрсеткен Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Деривативтер нарығын дамытқаны үшін" номинациясын марапаттау үшін іріктеу критерийлері:
  - 1) Биржа мүшесінің деривативтер нарығында жасасқан мәмілелерінің көлемі;
  - 2) деривативтер нарығында Биржа мүшесі жасаған мәмілелер саны;
  - 3) деривативтер нарығында мәмілелер жасасу кезінде Биржа мүшесі операция жасаған сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші;
  - 4) Биржа мүшесінің деривативтер нарығында маркет-мейкердің функцияларын орындауы.
3. "Деривативтер нарығын дамыту" номинациясы бойынша Биржа мүшелерін номинациялауға үміткерлерді ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның Сауда-саттық департаменті.

#### 9 бап.

#### "Инвесторларды тартуға елеулі үлесі үшін" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері

1. "Инвесторларды тартуға елеулі үлес қосқаны үшін" номинациясында жаңа белсенді сауда-саттық шоттарының барынша көп өсуін қамтамасыз еткен Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Инвесторларды тартуға елеулі үлесі үшін" номинациясын марапаттау үшін іріктеу критерийі Биржа мүшесінің клиенттері ашқан және қаралып отырған

---

<sup>2</sup> Утвержден решением Правления Биржи от 19 мая 2008 года № 66/0.



кезеңде Биржада кемінде бір сауда-саттық мәмілесін жасасуға қатысқан сауда-саттық шоттарының саны болып табылады.

Сауда-саттық шоттарының ашылу күндері туралы деректерді "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ сауда-саттық шотына қызмет көрсететін Биржа мүшесінің нұсқауынсыз ұсынады. Сауда-саттық шотының Биржаның белгілі бір мүшесіне тиесілігі туралы ақпарат және сауда-саттық шотынан жасалған мәмілелер туралы ақпарат Биржаның ақпараттық жүйелеріндегі деректерден қалыптастырылады.

3. "Инвесторларды тартуға елеулі үлес қосқаны үшін" номинациясында Биржа мүшелерін номинациялауға кандидаттарды ұсынуға жауапты бөлімше – Биржаның эмитенттерімен және инвесторларымен жұмыс жасау Департамент.

**9-1 бап. "Қытай юанінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері "**

1. "Қытай юанінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында Қытай юаніне қатысты ең көп сауда-саттық белсенділігін көрсеткен Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Қытай юанінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері:
  - 1) Биржа мүшесі Қытай юанімен жасасқан Қытай юанімен көрсетілген мәмілелер көлемі;
  - 2) Биржа мүшесі Қытай юанімен жасасқан мәмілелер саны.
3. "Қытай юанінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясы бойынша Биржа мүшелерін номинациялауға кандидаттарды ұсынуға жауапты бөлімше – Ақпарат және статистика департаменті.

*(Осы бап Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

**9-2 бап. "Ресей рублінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері**

1. "Ресей рублінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында Ресей рубліне қатысты ең көп сауда-саттық белсенділігін көрсеткен Биржа мүшесі марапатталады.
2. "Ресей рублінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері:
  - 1) Биржа мүшесі Ресей рублімен жасаған Ресей рублімен көрсетілген мәмілелер көлемі;
  - 2) Ресей рублімен Биржа мүшесі жасаған мәмілелер саны.
3. "Ресей рублінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында Биржа мүшелерін номинациялауға кандидаттарды ұсынуға жауапты бөлімше – Ақпарат және статистика департаменті.

*(Осы бап Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

**9-3 бап. "Үздік қаржылық кеңесші" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері"**

1. "Үздік қаржылық кеңесші" номинациясында Биржада мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығару және Биржада бағалы қағаздар листингі бойынша эмитенттерге консультациялық қызметтер көрсету кезінде барынша белсенділік көрсеткен Биржа мүшесі марапатталады.

2. "Үздік қаржы кеңесшісі" номинациясында марапаттау үшін іріктеу критерийлері Биржа мүшесі қаржы кеңесшісі қызметін көрсеткен эмитенттердің және/немесе жаңа эмитенттердің саны және KASE-де листингтен өткен шығарылымдардың саны болып табылады.
3. "Үздік қаржы кеңесшісі" номинациясы бойынша Биржа мүшелерін номинациялауға кандидаттарды ұсынуға жауапты бөлімше – Листинг департаменті.

*(Осы бап Биржа Басқармасының 2023 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

**11 бап. Биржа Басқармасының кандидаттарды марапаттау туралы шешім қабылдау тәртібі**

1. Биржаның жауапты бөлімшелері жыл сайын 01 ақпанға дейін марапаттауға кандидаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ Биржа мүшелерін талдау және кандидаттарды анықтау туралы толық материалдарды дайындайды және ақпарат және статистика департаментіне ұсынады. Мұндай материалдардың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты бөлімшелердің басшылары жауапты болады.
2. Жауапты бөлімшелердің кез келгені қандай да бір жылдың қорытындысы бойынша қосымша номинацияны және/немесе санатты анықтау және онда Биржа мүшесін марапаттау туралы ұсыныс жасай алады.
3. Ақпарат және статистика департаменті марапаттауға кандидаттар және оларды іріктеу критерийлері туралы барлық ақпаратты жинақтауды жүзеге асырады және марапаттау туралы қорытынды шешім қабылдау үшін осы материалдарды Басқармаға ұсынады.
4. Қорытынды шешімді Биржа Басқармасы осы баптың 3 тармағына сәйкес ұсынылған материалдар негізінде, сондай-ақ осы баптың 5 және 6 тармақтарында анықталған қосымша ақпаратты ескере отырып, ол болған жағдайда шоғырландырылған сараптамалық пікір әзірлеу арқылы қабылдайды.
5. Номинациялардың біріне Биржаның екі және одан да көп мүшесі үміткер болған жағдайда, қорытынды шешімді қабылдау кезінде Биржа Басқармасы келесіні назарға алады:
  - 1) Биржа мүшесінің Биржа бөлімшелерімен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық тәжірибесі;
  - 2) Биржа мүшесі өзінің ресми интернет-сайтында ашық түрде ұсынған материалдар;
  - 3) Биржа мүшесі ұйымдастырған және өткізген кездесулер, конференциялар, семинарлар, мастер-кластар, вебинарлар және Қазақстанның қор нарығын дамытуға байланысты басқа да іс-шаралар.
6. Биржа Басқармасының қорытынды шешіміне Биржа мүшесінің қаралып отырған кезең ішінде Биржаның ішкі ережелерін бұзу жағдайлары және Биржа мүшелеріне уәкілетті орган тарапынан қандай да бір санкцияларды қолдану жағдайлары әсер етуі мүмкін.
7. Биржа Басқармасының мүшелеріне уәкілетті орган немесе Биржа тарапынан Биржа мүшелеріне қандай да бір санкциялар қолдану жағдайлары туралы ақпарат беру үшін жауапкершілік мониторинг департаментіне жүктеледі.

**12 бап. Тұжырымды қағидалар**

1. Осы Ережелердің орындалуын бақылау және оларға өзгертулер/толықтырулар енгізу (өзектендіру) Ақпарат және статистика департаментіне жүктеледі.

2. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде бес жылда бір рет өзектілендірілуі тиіс.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.